

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Каланхое өсімдігінің биологиялық ерекшелігі

ЖАРИЯЛАНДЫ
28.02.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/24774/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Әуезова Жансая Ағыбайқызы

Біздің халқымыз ерте замандардан бері дәрілік өсімдіктердің құпиясын білген әрі оларды әртүрлі ауруларды емдеуге шебер қолданып келген. Шипалы өсімдіктердің дәрі жасау әдістері ұрпақтан-ұрпаққа бұл дәстүр атадан жалғасып отырған. Қазақстан табиғи жағдайлары әртүрлі болып келетін орманды, далалы, таулы аймақтардан тұрады. Республика аймағында 6000-ға жуық өсімдік түрлерін кездестіруге болады екен десек, оның 500 түрінен дәрілік заттар алынады екен. Осынша байлықты игерумен бірге дәрілік өсімдіктерді зерттеудің оны танып білудің маңызы зор. Ерте заманнан бері мал бағумен айналысқан көшпелі қазақ халқы шөптердің емдік қасиеттерін ертеден білген. Әбу-Насыр-Әл Фараби, Әбу Әл Ибн-Сина, Беруни, Әл-Джуржани қазақ халқының медицинасының дамуына әсер дәрілік өсімдіктерді тауып пайдалануына зор ықпал етті. Жер жүзіндегі дәрілердің 40%-ы өсімдіктен дайындалады екен. Қазіргі кездешөппен емдеу әдісі, тәсілдері кеңінен қолданылып жүр.

Каланхоэ-«Жасаңшөп» тұқымдасына жатады. Ол табиғи жағдайда өсетін өсімдік. Оның атауы Қытайдағы каланхоэнің бір түрінен шыққан.

Каланхоэ (KALANCHOE)- көп жылдық гүлдейтін шөптесін өсімдік. Каланхоэ гүлі- халық арасында үй дәрігері немесе өмір гүлі деп аталады. Каланхоэ шырынды болғандықтан (өзінің сабақтарымен жапырақтарының бойына 94% су қорын жинайды), сукуленттер тобына жатқызылады. Гүлдері қоңырау, себет тәріздес, ұзындығы 30 см гүлсабаққа шоғырланған. Дұрыс күтім жасалса, жыл бойы гүлдейді. Оның 30-ға жуық түрі мен сұрпы үй жағдайында өсіріліп келеді. Өткен ғасырдың 60-жылдарына дейін оның емдік қасиеті туралы мәліметтер болмаған. Бөлме өсімдігі ретінде өсіріле бастағаннан кейін ғана дәрілік қасиеттері ашылған. Оның жапырағынан алынған шырыны емдік мақсатқа пайдаланылады. Оның емдік қасиетімен бірге ауа тазарту қасиеті де өте жоғары. Ол

ауадағы зиянды микробтарды жоюмен бірге антивирустық пәрмені бар өсімдік. Бұл етті жапырақтары бар әдемі гүлдеген өсімдіктер және ақ, сары, қызғылт сары, қызғылт гүлдерден тұрады. Ол әдетте сәуірде гүлдейді бірақ үй ішінде жыл бойы гүлдей алады. Бұл өсімдіктер адам бойындағы шаршағанды басады. Болмашы нәрсеге ренжуден бойыңды алшақ ұстауға көмектеседі.

60 жылдардың соңына қарай ССРО ның денсаулық сақтау министрлігі каланхоэ жапырақшаларын шикізат түрінде тіркеп, одан жасалынған дәрілерді дәріханаларда сатуға рұхсат етілді.

Таралған аймақтары Оңтүстік Африканың, Оңтүстік Американың тропиктік аудандары, Оңтүстік Шығыс Азия, Қытай мен Ява аралдары.

Сонау есте жоқ замандарда адамзат баласы дәрі деген дүниені мүлде білмейтін. Олар өздерінің сырқаттарынан айығу үшін халықтық амал тәсілдердің көмегіне жүгінетін еді.

Сондықтан да шөптерден жасалған дәрілер бүгінге дейін маңызын жоғалтпай келеді. Және де дәрілік өсімдіктер адам денсаулығына ине мен дәрілерге қарағанда, әлдеқайда қауіпсіз келеді. Себебі, таблеткалардың құрамында сіздің ағзаңыз қабылдай алмайтын химиялық заттар болуы мүмкін. Каланхоэ өте оңай көбейтілетін бөлме өсімдігіне жатады. Жапырақ, қаламша және жанама өскіндері арқылы көбейтіледі. Көктем жаз айларында кірпігүлге арналған арнайы тыңайтқышпен айына бір рет қоректендіріп тұру қажет.

Каланхоэ гүлі түнде оттегіні қарқынды түрде бөледі де, күйзелістен шығуға жәрдемдеседі.

Алашабыр каланхоэсы шырынының қабынуға қарсы және антибактериалды қасиетке ие. Каланхоэнің қолдану аймағы көп жалпы хирургия, офтальмология, гинекология.

Зертханалық зерттеулердің нәтижесі көрсеткендей каланхоэ шырыны стафилококк гемолитикалық және негемолитикалық стрептококктарға әсеретеді. Сондықтан да каланхоэ шырынын шиқан, абспестар, сыртқы ісіктер, созылмалы тонзилитті емдеуде сыртқы қолданыс үшін пайдаланылады. Кеңсірікті емдеудегі жетістіктері де туралы мәліметтер бар.

Бактерияға қарсы тұратын құрамымен де өте танымал. Зерттеулер көрсеткендей каланхоэнің *K. velutina*, *K. pinnata*, *K. Blossfeldiana*, *K. crenata* түрлерінің шырындары

бактерияға қарсы тұра алатын ең белсенді қасиетке ие. Ал *Bryophyllum daigremontianum*-да бактерияға қарсы тұра алатын белсенді қасиеті әлсіз. Полиовирустық (Сейбина) үлгісі, Коксаки вирусының В1 және В6 каланхоэ шырынына сезімтал. Жануарларға жасаған зерттеулерінде тұмау вирустарының профилактикасына каланхоэ шырыны белсенді әрекет ететіні анықталды. Антивирустық белсенділік қасиетке каланхоэның жас шырыны да оның спирттік экстракты да ие. Емдеу үшін өсімдіктің жер бетіндегі бөлігі алынады. Ол үшін сабағы 40-60 см жетіп төменгі жағы тығыз болуы қажет. Алашабыр каланхоэсы қабынуға қарсы тұра алатын антисептикалық қоздырғыш және әрлендіретін әрекеті бар.

Негізгісі-регенерациялық ұлпаларды ынталандырушысы. Ол жылдам тазалаумен, жара және ойықтың тез арада жазылуына әрекет етеді. Каланхоэнің уыты шамалы, қабынуды басады. Әсіресе, сынықтар мен күйікті емдеуде жақсы көрсеткішке ие.

Ағылшын тілі мен орыс тіліндегі ғаламтордағы мәліметтерді салыстырып қарасақ, ағылшын тілінде дегремон каланхоэсы- улы өсімдік деп мәлімделінген. Сол мәліметтің төменгі жағында ескерту жазылған; «Назар аударыңыз! Өтінемін, өсімдіктің барлық бөлігі де улы екенін естен шығармаңыздар. Кішкентай балалар мен кішкентай үй жануарлары жұтып қоятын болса, өлімге әкеліп соғады!» Бірақ нақ сол өсімдіктен уланып өлген адамдар мен кішкентай үй жануарлары туралы мәлімет жоқ. Каланхоэден улану туралы мәлімет ірі қара малдың өсімдіктің гүлденіп тұрған кезіндегі

жегеннен кейінгі бақылаулардан айтылған. Ол өлімге әкеліп соққан жағдайларда ірі қара малдар каланхоэның *K. tubiflorum*, *K. Daigremontiana*, *K. Pinnatum*, *K. Proliferum* түрлерін жеген екен. Бұл өсімдік түрлері жүрек улап алдымен жүрек тамыр жүйесін зақымдаған. Тағы бір зерттеуде жоғарыда айтылған каланхоэ түрлерінен балапандар уланып, өлгенін анықтаған.

Каланхоэ жапырақшалары көптеген биологиялық белсенді заттардан құралған. Онда флавоноид, дубильді заттар, буфадииенолидтар, ферменттер, лектиндер, органикалық қышқылдар бар.

Осылардың каланхоэмен емделудегі әр біреуінің химиялық қосылғыштарының әрекеттіліктері толық зерттелмеген. Отандық фармацевтикалық препараттарға каланхоэ негізінен екі нысандарда өндірілуде - шырын түрінде және жақпа ретінде. Ол топтың дерматотоптық фармакологиялық заттарға тиесілі. Олар антисептикалық және зарарсыздандыру қасиетіне ие.

Қорыта келгенде, жас жеткіншекті, табиғат сыйы - дәрілік өсімдіктерді көбейту,

кеңінен пайдалану қажет екеніне тәрбиелеу. Айнала бізді қоршаған табиғаттың жаратқан шипалы дәрілікөсімдіктерінің азаймауы үшін, оларды өздері де өсіре алатынына көз жеткізу. Күнделікті өмірінде қажеттілігіне қарай емдеуге дағдыландыру.

Әдебиеттер:

Байтенов М.С. «В мире редких растений» (Алматы, «Қайнар», 1985)

«Дәрілік өсімдіктер» (Алматы «Қайнар» баспасы 2011 жыл)

Ғаламтор материалдары: (Интернет каталог:Все цветы)

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.